

Қазақстан тарихы

Нұсқаулық: Сізге бір дұрыс жауапты тест тапсырмалары беріледі

1. КСРО-да ең алғашқы атомдық жарылыс болған мерзім
 - A) 1946 жылы 23 қыркүйекте
 - B) 1949 жылы 29 тамызда
 - C) 1945 жылы 25 шілдеде
 - D) 1947 жылы 22 маусымда
2. «Байқоңыр» ғарыш айлағының құрылысы басталған жыл
 - A) 1956 ж.
 - B) 1953 ж.
 - C) 1954 ж.
 - D) 1955 ж.
3. 1955 жылы құрғақшылыққа байланысты егіннің шықпай қалу себебінен қызметінен алынған Қаз КСР-і ОК I хатшысы
 - A) Д.А.Қонаев
 - B) Ж.А.Шаяхметов
 - C) Ж.А.Тәшенов
 - D) П.К.Пономаренко
4. XX ғ. 40 жылдары химиялық элементтер-берилл, тантал өндіретін өндіріс орналасқан қала
 - A) Өскемен
 - B) Зырян
 - C) Риддер
 - D) Рудный
5. 1947 жылы алғашқы өнімін берген қорғасын-мырыш комбинаты
 - A) Теміртау
 - B) Павлодар
 - C) Өскемен
 - D) Жезқазған
6. 1960-1980 жылдары республика картасында жаңа қалалардың пайда болуына себеп болды
 - A) екі миллионға жуық тың игерушілердің келуі
 - B) индустрияландыру саясаты
 - C) өнеркәсіптің даму қарқынының ұлғаюы
 - D) нарықтық экономикаға көшу
7. Генетика мен микробиология ғылымында нәтижеге қол жеткізіп, жасуша ішіндегі информосомаларды ашқан ғалым
 - A) Д.Сокольский
 - B) М.Айтқожин
 - C) К.Ақышев
 - D) У.Ахметсафин

8. XX ғасырдың екінші жартысында білім саласында жүргізілген іс-шараларды уақытымен сәйкестендіріңіз

1.	жалпыға бірдей міндетті 7 жылдық білім беру қолға алынды	А.1962-1963 жж.
2.	жалпыға бірдей міндетті 8 жылдық білім беруге көшу	Ә.1949 ж.
3.	кезекті мектеп реформасы жүрді, 10 жылдық білім беру енгізілді	С.1999 ж.
4.	«Білім туралы заң» қабылданды, 10-11 сыныппен аяқтау белгіленді	Д.1984 ж.

А) 1-Д, 2-А, 3-С, 4-Ә

В) 1-Ә, 2-А, 3-Д, 4-С

С) 1-С, 2-Д, 3-Ә, 4-А

Д) 1-А, 2-Ә, 3-С, 4-Д

9. «Байқоңыр» ғарышайлағы космодромының іргесі қаланған жыл

А) 1955 ж.

В) 1958 ж.

С) 1965 ж.

Д) 1973 ж.

10. Жерді жақсартуға бағытталған техникалық және шаруашылық-ұйымдастырушылық шаралар жиынтығы

А) Мелиорация

В) Модернизация

С) Индустриализация

Д) Урбанизация

11. 1960 жылдары республиканың шикізаттық бағытта дамуының салдары

А) шикізат өндіру саласы ғана дамыды

В) өнеркәсіпте тек шетелдік озық тәжірибесін қолданды

С) дайын өнім өндіру жоғары деңгейде дамыды

Д) ауыл шаруашылығы ғана дамыды

12. КСРО экономикасының ерекшелігі

А) жоспарлы

В) нарықтық

С) капиталистік

Д) аралас

13. Сталин дәуіріндегі тоталитарлық саясаттан ішінара ауытқумен сипатталған XX ғ. 50 жылдарынан 60-жылдарына дейінгі жалғасқан бейресми атауы

А) тоқырау

В) қайта құру

С) тың игеру

Д) жылымық

14. 1950 жыл Е.Бекмахановтың Кенесары Қасымұлы жайлы жазған еңбегін өткір сынға алған баспасөз
- А) «Правда» газеті
 - В) «Известия» журналы
 - С) «Айқап» журналы
 - Д) «Қазақ» газеті
15. Электрохимиялық әдіс бойынша катализаторды зерттеген академик
- А) У.Ахмедсафин
 - В) Д.Сокольский
 - С) Е.Бөкетов
 - Д) М.Айтхожин

Нұсқаулық: Сізге контекст негізінде тест тапсырмалары беріледі

Соғыстан кейінгі жылдардағы жаңа әдебиеттің жарқын өкілі



Олжас Сүлейменов жаңа әдебиеттің жарқын өкілі болды. Ол көптеген поэтикалық жинақтардың, «Азия», «Жазу тілі» ғылыми еңбектерінің авторы. Оның шығармашылығына модернизм үдерісі, поэтикалық ассоциациялардың күрделілігі, қазақ, орыс және әлемдік шығармашылық дәстүрлерінің астасуы тән. 1961 жылы сәуір айында «Комсомольская правда» газетінің беттерінде Юрий Гагариннің ғарышқа ұшу құрметіне арналған өлеңі Олжас Сүлейменовтің «Адамға табын, Жер енді» жарияланды. XX ғасырдың 70-80 жылдары шығармашылық қуаты күшті, жаңа «Азия» шығармасы жұртшылықты елең еткізді. «Жұлдыз», «Мәскеу», «Жас гвардия», журналдарында өткір сын айтылды. КОКП ОК идеологиялық мәселелерді бақылаушы М.А.Сулов ол кітапты «орыстарға қарсы ұлтшылдық бағытта» жазылған деп көрсетті. Кітап кітапханалардан алынып тасталып, тыйым салынды. Ал авторға қазақстандық басшылар араша түсті.

16. Мәнмәтін бойынша Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдардағы жаңа әдебиеттің жарқын өкілін анықтаңыз
- А) О. Сүлейменов
 - В) Ж. Аймауытов
 - С) А. Байтұрсынов
 - Д) С. Торайғыров

17. Мәнмәтін бойынша Олжас Сүлейменовтың 1975 жылы тыйым салынып кітапханалардан, алынып тасталған еңбегі
- A) «Жазу тілі»
 - B) «Азия»
 - C) «Адамға табын, Жер енді»
 - D) «Арғымақтар»
18. Мәнмәтін бойынша 1961 жылы сәуір айында Юрий Гагариннің ғарышқа ұшу құрметіне арнаған Олжас Сүлейменовтың өлеңі
- A) «Азия»
 - B) «Адамға табын, Жер енді»
 - C) «Жазу тілі»
 - D) «Арғымақтар»
19. Мәнмәтін бойынша ХХ ғасырдың 70-80 жылдары «Азия» шығармасына қарсы өткір сын айтылған журналды анықтаңыз
- A) «Айқап»
 - B) «Балдырған»
 - C) «Ара»
 - D) «Жұлдыз»
20. Мәнмәтін бойынша дұрыс дәйектерді анықтаңыз
- I. 1961 жылы сәуір айында «Комсомольская правда» газетінің беттерінде Юрий Гагариннің ғарышқа ұшу құрметіне арналған өлеңі Олжас Сүлейменовтің «Адамға табын, Жер енді» жарияланды.*
- II. ХХ ғасырдың 70-80-жылдары шығармашылық қуаты күшті, жаңа «Азия» шығармасы жұртшылықты елең еткізді.*
- III. Олжас Сүлейменов Ұлы Отан соғысына арнап, «Артымызда Мәскеу», «Генерал Панфилов» т.б. шығармаларын жазды.*
- IV. 1975 жылы сәуір айында «Комсомольская правда» газетінің беттерінде Юрий Гагариннің ғарышқа ұшу құрметіне арналған өлеңі Олжас Сүлейменовтің «Адамға табын, Жер енді» жарияланды.*
- A) III, IV
 - B) II, IV
 - C) II, III
 - D) I, II